

Карантин белгілеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Ынталы ауылдық округінің әкімінің 2024 жылғы 21 ақпандағы № 1 шешімі. Жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Ынталы ауылдық округінің әкімінің 2024 жылғы 13 қыркүйектегі № 4 шешімімен

Ескерту. Жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Ынталы ауылдық округінің әкімінің 13.09.2024 № 4 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Ветеринария туралы" Заңдарына сәйкес және 2024 жылғы 19 ақпандағы №15-4-1/94 "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қарқаралы аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының ұсынысы негізінде, ШЕШТІ:

1. Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Ынталы ауылдық округі, Ынталы ауылының Сарықыз, Дубовка, Жамбасқұдық, Назар атауларымен белгіленген жайылымдары аумағында жылқылар арасында эпизоотикалық лимфангит ауруының пайда болуына байланысты карантин белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

Ынталы ауылдық округінің әкімінің міндетін атқарушы

А. Мустафин